



Бастауыш сынып бірлестігінің
2024-2025 оқу жылындағы өткізілген жылдық жұмысының есебі

Бірлестік жетекшісі: Ташматова Нұргүл Қалмырзақызы

Бастауыш сынып бірлестігінің жылдық жұмысы туралы есебі

2024-2025

Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы:Бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үдерісін арттыру

Мәселесі: Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттыра отырып, сауаттылыққы тәбиелеу.

Бастауыш сыныптарда 2024-2025оқу жылында 19 мұғалім жұмыс жасады.Оның 18 -ы жоғары ,1-уі арнаулы орта білімді.

Педагог – зерттеуші-5

Педагог -сарапшы -0 .

Педагог-модератор-9

Бастауыш сынып бірлестігі қыркүйек айында жылдық жұмыс жоспарын құрды.

Биылғы оқу жылында барлық мұғалімдер күнтізбелік жоспарларын бекітіп,сол бойынша жұмыс жүргізді. Биылғы оқу жылында 1 сынып оқушылары жаңа білім бағдарламасы бойынша шығарлығын оқулықтармен түгел қамтамасыз етілді .Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында, оқушылардың коллиграфиясын жақсартуда, оқу дағдысын арттыруда әр мұғалім өз оқушыларымен жұмыс жасауда.

ЖШС «Turan » негізгі білім беретін мектебінің бастауыш сынып бірлестігі мұғалімдері туралы мәлімет

2024-2025 оқу жылы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Алған мерзімі	Аяқталған мерзімі	Педагогикалық жұмыс өтілі
1	Садирова Ұлжалғас Байдуллаевна	Педагог-зерттеуші	10.10.2024		30жыл
2	Дайырова Маржан Жұманазарқызы	Педагог-модератор	17.08.2021	17.08.2026	17 жыл
3	Майлыбай Салиха Тұрсынбекқызы	Педагог-зерттеуші	10.10.2024	20.08.2024	24 жыл
4	Абдирахманова Нурбахыт Амангелдиевна	Педагог-зерттеуші	01.09.2022		27жыл
5	Жумаханова Гүлмира Жумаханқызы	Педагог-зерттеуші	31.01.2023		24 жыл
6	Ашенова Луиза Ауелбековна	Педагог-модератор	19.08.2021		7 жыл
7	Сұлтан Лаура Ерсарықызы	Педагог-модератор	29.08.2024	29.08.2029	4
8	Ілес Арайлым Қынабекқызы	Педагог-модератор	29.08.2024	29.08.2029	6 жыл
9	Маханова Динара Бауржановна	Педагог-модератор	14.01.2021	14.01.2024	10 жыл
10	Сырабек Айдана Ахатбекқызы	Педагог-модератор	19.07.2023	19.07.2026	4жыл
11	Ташматова Нұргул Қалмырзақызы	Педагог-модератор	29.08.2024	29.08.2029	2 жыл
12	Сарманова Камшат Анарбекқызы	Педагог-модератор	18.08.2022	29.08.2029	3 жыл
13	Байкубекова Айнур Жолдасовна	Педагог-зерттеуші	27.12.2019	27.012025	30 жыл
14	Сман Аңсаған Ерланқызы	Педагог-модератор	29.08.2024	29.08.2029	2жыл
15	Әбен Жанар Жұмағалиқызы	Санаты жоқ			2жыл
16	Кантемирова Гүлжан Мухтархановна	Педагог			2жыл
17	Амантай Сәуле Ерханқызы	Педагог	18.07.2023	18.07.2026	2ыл
19	Төребек Шынар	Педагог			1

Қазан айында 2-4 сынып оқушыларының математика ,қазақ тілі дәптерлері тексеріліп ,ондағы кемшіліктер талданды. Сонымен бірге оқушылардың оқу қарқыны тексеріліп ,онда оқу нормасына жетпейтін оқушылармен қосымша жұмыс жасау ескертілді.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік туралы ережеге сай жұмыс атқарылды. Бірлестік мүшелері «Ұлттық тәрбие негізінде жан –жақты және үйлесімді тұлға тәрбиелеудемектеп ата-ананың ықпалы» тақырыбында жұмыс жасап,қойған мақсатына жете білді.

Әдістемелік бірлестік жоспарына сәйкес«Білімнің қайнар көзі -бастауышта » тақырыбында бастауыш сыныптар онкүндігі өткізілді.

Бастауыш сынып онкүндігінің мақсаты

Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал жасау. Жаңаша оқытуды тиімді қолдана отырып, оқушылардың өз елін, тілін құрметтей білетін, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқытудың сандық технологияларын енгізу, тәжірибелеу, насихаттау.

Міндеттер:

- 1.Әр оқушының жеке қабілеттеріне, мәдени және білім беру қажеттіліктеріне байланысты білім алуына қолайлы жағдайлар жасау;
- 2.Қоғам талабына сай нәтижелі білім бере отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу, тиісті әдістемелік көмектер ұйымдастыру;
3. Педагогтардың әдістемелік – танымдық мәдениетін жетілдіру;
4. Педагогтардың, сонымен қатар жас мамандардың ізденісіне, әдістемелік жұмыстың тиімділігі үшін қолдау көрсету
5. Қазіргі педагогикалық, сандық технологияларды озық педагогикалық тәжірибені қолдану;

«Білімнің қайнар көзі -бастауышта » тақырыбында өтетін бастауыш сыныптар онкүндігінің жұмыс жоспары

(18.11-29.11.2024ж)

p/c	Мерзімі	Жауапты ұстаздар	Жұмыс мазмұны	Сыныбы	Ауысым Кабинеті	Уақыты
1	18.11.2024ж	Бастауыш сынып мұғалімдері	Онкүндіктің ашылуы	Бастауыш сынып оқушылары	Акт залы	Сағ 12:00
2	19.11.2024ж	Маханова Динара Бауыржанқызы	Әліппе Ж дыбысы мен әріпі	1 «В» сынып	I ауысым Каб 209	09:00-09:45 2-сабақ
3	19.11.2024ж	Ілес Арайлым	Жаратылыстану Заттың қасиеттері	4 «Ә»сынып	II ауысым Каб. 204	15:00-15:45
4	19.11.2024ж Шығармашылық үзілістер	Маханова Динара	Шығармашылық үзілістер Логикалық тапсырмаларды шешу	4 сыныптар	II ауысым	Үзілісте
5	20.11.2024	Әбен Жанар	Қазақ тілі «Түбір мен қосымша»	3 «В» сынып	I ауысым Б корпусы 13 кабинет	9:45-10:25 3-сабақ
6	20.11.2024	Қантемирова Гүлжан	Қазақ тілі Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	4 «В» сынып	II ауысым Каб. 112	14:15-14:55 2-сабақ
7	20.11.2024	Жұмаханова Гүлмира	Әдебиеттік оқу Кім күшті?	2 «Б» сынып	II ауысым	15:00-15:45

					Каб. 214 А	3-сабақ
8	21.11.2024	Сарманова Камшат	Әліппе Ә дыбысы мен әріпі	1 «Ә» сынып	I ауысым Каб 108	9:00-9:45 2-сабақ
	21.11.2024	Дайырова Маржан	Қазақ тілі Түбір мен қосымшаның жазылуы	3 «Ә» сынып	II ауысым Каб 208	14:15-14:55 2-сабақ
9	22.11.2024	Төлбасиева Гүлбану	Әліппе П дыбысы мен әріпі	1 «Б» сынып	I ауысым Каб. 214	09:00-09:45 3-сабақ
10	22.11.2024	Сырабек Айдана	Жаратылыстану Дұрыс тамақтану	1 «Ғ» сынып	I ауысым Каб. 208	09:50-10:20 3-сабақ
11	22.11.2024	Байкобекова Айнұр Амантай Сәуле	«Алтын сақа» Білім сайысы	4- сыныптар	АКТ залы	14:00
12	22.11.2024	Майлыбай Салиха	Менің бос уақытым.Жұмыс іздеген құмырсқа	2 «Г» сынып	II ауысым 212 кабинет	14:15-15:00
13	25.11.2024ж	Садирова Ұлжалғас Майлыбай Салиха	« Баланың бас ұстазы - ата-ана»	Ата-аналар Коучинг сабақ	АКТ залы	12:00
14	25.11.2024ж	Байкобекова Айнұр	Қазақ тілі Сұраулы сөйлем	2 «Д» сынып	II ауысым	15:00-15:40
15	25.11.2024ж	Сидикова Нұрила	Қазақ тілі Сұраулы сөйлем	2 «В» сынып	I I ауысым Каб. 212	15:45-16:25 4-сабақ

	25.11.2024ж	Төлбасиева Гүлбану	П дыбысы мен әріпі	1 «Б» сынып	I ауысым Каб. 214	09:00-09:45 3-сабақ
16	26.11.2024ж	Лаура Сұлтан	Дүниетану Спорт-денсаулық кепілі	3 «А» сынып	I ауысым 113 кабинет	9:45-10:25
17	26.11.2024ж	Дайырова Маржан	Мәнерлеп оқу сайысы	2 сынып оқушылары	АКТ залы	12:00
18	26.11.2024ж	Ашенова Луиза	Жаратылыстану Ауа қалай қозғалады	4 «Б» сынып	II ауысым Каб 207	15:00-15:40 3-сабақ
19	27.11.2024ж	Қантемирова Гүлжан Төлбасиева Гүлбану	« Өнші балапан »	1 сыныптар	АКТ залы	10:00-11:00
20	27.11.2024ж	Ташматова Нұргүл	« Көркем жазудың күпиялары»	Мұғалімдер Коучинг сабақ	АКТ залы	14:00
20	28.11.2024	Сидикова Нұрила	«Алтын күз»	3 сыныптар	АКТ залы	12:00
21	28.11.2024	Амантай Сәуле	Жаратылыстану Денсаулықты қалай күту керек	2«Г» сынып	II ауысым Каб 203	14:15-14:55 2-сабақ
22	28.11.2024	Сман Аңсаған	Хабарлы сөйлем	2 «А» сынып	103 кабинет I ауысым	15:00-15:40 3-сабақ
23	29.11.2024	Дайырова Маржан	«Көңілді тапқырлар»	2«Ә»сынып	208 кабинет	09:05-09:45
24	29.11.2024	Бастауыш сынып мұғалімдері	Онкүндіктің жабылуы	Бастауыш сынып оқушылары	АКТ залы	12:00



«Білімнің қайнар көзі -бастауышта » тақырыбында өтетін бастауыш сыныптар онкүндігінің ашылуы

Бастауыш сынып бірлестігінің «**Білімнің қайнар көзі - бастауышта**»

атты онкүндігінің ашылу салтанаты 18.11.2024 күні болып өтті.

Таңертеңгілікте мұғалімдер мен оқушылар үшін қызықты тапсырмалар ойын түрінде жүргізіліп, көтеріңкі көңіл - күй сыйлады.

Салтанатты іс - шара барысында Бастауыш сабақтары ең қызықты,



Әуелеп биіктерге кетсең самғап, - дей келе, күшкентай бүлдіршіндеріміз өлең жолдарын арнап, бірінші сыныптар хор айтып шықты. Мың бұралып сахнада тамсанып,

Би билеңдер босатылып бар жүктен. Көрермендер өте ыстық қарсы алып,

Шапалақтап жібереді зал біткен-дей келе талантты оқушыларымыз қазақ, өзбек және шет ел билерін билеп, күй шертіп шықты.

19.11.2024 күні 1 «В» сынып жетекшісі Маханова Динара Бауржановна әліппе сабағында «Жж дыбысы және әрпі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын

көркем жазуға үйрету. Сабақтың барысы Психолгиялық ахуал қалыптастыру Бір Аллаға сиынып

Кел, балалар оқылық! Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық
Оқысаңыз балалар

Шамнан шырақ жағылар Тілегеннің алдынан

Іздемей-ақ табылар - деп бастау алды. Сиқырлы текше әдісі арқылы өткен әріптерді еске түсіріліп, «Ой қозғау» әдісі арқылы тақырыпты ашылды. Сабақ аясында Эксперимент жасап көрсету, *Ж дыбысы туралы бейнежазба*

көрсету, Ж әрпімен жүруге көмектес, Сөз ойла тез ойла әдісі,

сәйкестендіру, дыбыстық талдау жасау әдістері арқылы балаларға тақырыпты түсіндіре білді.



19.11.2024 күні Ілес Арайлым **Жаратылыстану пәнінен 4 «Ә» сыныбымен «Заттың қасиеттері»** тақырыбында ашық сабақ өткізді.



Сабақтың мақсаты балалар заттың қандай қасиеттері барын біледі, затты дұрыс пайдалануды үйренеді. Сабақ барысы «Қораптағы сөз» балалар ізгі

тілектер жазылған қима қағаздарды оқу арқылы психологиялық ахуалдан бастау алды. Сабақты Барабан әдісі арқылы топқа бөліп, **Өткенді пысықтау** мақсатында «Серпілген сауал» әдісі арқылы үй тапсырмалары топтардан Тақырыпты ашу мақсатында мұғалім сұрақтар қойып, балалардан жауап алды. Жаңа білімді Заттың қасиеттері туралы видеоролик көрсетумен жалғастырды. Балалар сабақта тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірлескен жұмыстар бойынша топтарға жеке жұмыстар беріліп, қорғалды. Айфон әдісі арқылы балалар сабақтан алған білімдерімен бөлісті.

20.11.2024 күні 3 «В» сыныбымен **Қазақ тілі сабағында** «Түбір мен қосымша» тақырыбында Әбен Жанар ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақта әдіс -тәсілдер қолданылды. Оқушылар белсене қатысты.
Топтық жұмыс, жеке жұмыс жүргізілді.

4 «В» сынып жетекшісі Қантемирова Гүлжан **Қазақ тілі пәнінен** «Сөйлемнің бірыңғай мүшелері» тақырыбында ашық сабақ өтті.
Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажыратады және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қояды. Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және ондағы негізгі ойды тұжырымдады
Жұмаханова Гүлмира 2 «Б» сыныбымен **Әдебиеттік оқу пәнінен** Кім күшті? Тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушылармен психологиялық ахуал қалыптастырылды. Сабақ жоғары деңгейде өтті.



21.11.2024 күні **Әліппе сабығында** Сарманова Камшат 1 «Ә» сыныбымен «Ә дыбысы мен әріпі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сөйлеу б/да дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтайды, ойды ым- ишара, қимыл арқылы жеткізді.

Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады. Мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды, сұраққа жауап берді.

Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазды.



21.11.2024 күні Дайырова Маржан Жұманазарқызы 3 «Ә» сыныбымен

«Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Балалар сабақта мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге

бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беруді, түбір сөздегі -ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазуды толық меңгеріп шықты. Сабақта өткенге шолу жасауда «Білім жәрмеңкесі» әдісі, Ребус шешу арқылы жаңа сабақты ашу, тақтамен жұмыс жасауда «Суреттер сөйлейді», сабақта алған білімдерін қорытындылауда «Айна» әдістерімен қызықты тапсырмалар беріліп, балалардың сабаққа қызығушылықтары ашылып, жоғары деңгейде өткізілді.



22.11.2024 күні Жаратылыстану пәнінен «Дұрыс тамақтану»

тақырыбында 1 «Ғ» сыныбымен ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты пайдалы зиянды тағамдарды ажырата білу. Ашық сабақта балалардың сабақта қызығушылығын арттырған «Жұмбақ адам» әдісі, «Кел ойнайық» әдісі, «Зерттейік» әдістері балалардың қызығушылығын оята білді. Сабақ жоғары деңгейде өтті.

22.11.2024 күні Сайыста бақ сыналар, бап сыналар.

Бас жүлдені білімді, тапқыр алар. Кім білімді, кім тапқыр шешу қиын,

Қазылар алқасы болмаса нық сыналар – деп 4 сыныптар арасында «Алтын сақа» интеллектуалды сайысы болып өтті.



Іс шара Байкобекова Айнұр және Амантай Сәуле мұғалімдер

ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өткізілді. Білім сайсында сайыскерлер екі топқа: «Жүйріктер» тобы, «Алғырлар» тобы болып бөлінді.

Сайыс мынадай турлардан тұрды:

1-ші тур- «Сиқырлы ұяшықтар» ойыны.

2-ші тур- «Кім шапшаң» ойыны.

3-ші тур- «Бинго» ойыны.

4-ші тур- «Шертпек» ойыны.



22.11.2024 күні Майлыбай Салиха «Менің бос уақытым.Жұмыс іздеген құмырсқа» тақырыбында 2 «Г» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында сыныпта психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында өлең жолдарымен бастады.

Өткенді пысықтау мақсатында Кім шапшаң? Әдісі, Сөзжұмбақты шешу әдістері қолданды. **Жұмбақ жасыру арқылы тақырыпты ашылды.**

Сабақта «Құнды ой» әдісі, Ертегіні сахналау, «Сөзден сөз шығады» әдістері балаларды қызықтыра білді. Балалар сабақ белсене қатысты.

25.11.2024 күні директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Садирова Ұлжалғас және бастауыш сынып мұғалімі Майлыбай Салиха мұғалімнің

ұйымдастыруымен « **Баланың бас ұстазы -ата-ана**» атты тақырыбында ата-аналарға коучинг сабақ өткізілді.

27.11.2024 күні 1 сыныптар арасында «Әнші балапан» ән сайысы болып өтті. Ұйымдастырушы: Қантемирова Гүлжан. Баршамызға белгілі, әр

баланың жүрегінде үлкен арман мен талант бар. Сол таланттардың жарқырап шығуына "Әнші балапан" сайысы — балғын дауыс иелерінің өз өнерлерін паш ететін керемет іс шарасы болып өтті.



Сайыста:

БАС ЖҮЛДЕ:

1-орын: 1 «Ғ» сынып оқушысы Шырынқара Айару

1-орын: 1 «Б» сынып оқушысы Жанболат Жанайым

1-орын: 1 «Г» сынып оқушысы Нурланова Айкерим

2-орын: 1 «Д» сынып оқушысы Бақыш Құндыз

2-орын: 1 «А» сынып оқушысы

3-орын: 1 «В» сынып оқушысы Еркінқызы Еркежан

3-орын: 1 «Ә» сынып оқушысы Артықбай Хадиша қатысып, жүлделі орын иелері атанды.

27.11.2024 күні бастауыш сынып мұғалімі Ташматова Нұргүл «Көркем жазудың құпиялары» тақырыбында мұғалімдерге коучинг

сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларына көркем жазуды оқытудағы тиімді әдіс -тәсілдерді анықтау

Бастауыш сынып мұғалімдерінің алдына қойылатын жауапты міндеттердің бірі оқушылардың таза, көркем жазуын қалыптастыру.

Көркем жазу ұқыптылыққа,еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Көркем жазуды үйретуді бастамас бұрын сыныппен

біршама даярлық жұмыстарын жүргізу,жаза білу икемділіктерін анықтап алу



28.11.2024 күні 2«Ғ» сыныбында Амантай Сауле Жаратылыстану пәнінен

«Денсаулықты қалай күту керек?» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ

барысында балалар - дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын, денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтап қана қоймай, жекебас гигиенасын сақтаудың маңызы туралы білді. Сабақ барысында «Жұлдызды сәт», «Сәйкестендір»,

«Тазалық ойыны» әдістері қолданылды. Балалар «Сау тіс», «Ауру тіс» «Гигиеналық құралдар» жапсырмаларымен жұмыс жасады.

28.11.2024 күні 2«А» сыныбында Сман Ансаған қазақ тілі пәнінен «Хабарлы сөйлем » тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында «Тәтті алма» ,

«Адасқан сөйлем» әдістері арқылы өткенді сабақты пысықтап, бейнежазба арқылы жаңа тақырыпты ашылды. Сабақ аясына пазл құрастыру сынды қызықты әдістер қолданылды.



11.2024 күні Дайырова Маржан 2 «Ә» сыныбымен «Көңілді тапқырлар» сайысын өткізді. **Сабақтың мақсаты:** ой - өрісін, белсенділік қабілетін, танымдылық қызығушылығын арттыру, логикалық есептерді шығаруға дағдыландыру; оқушылардың тілдік қорын дамыту, жарыстыру арқылы аңғарымпаздық қасиеттерін арттыру, ой - өрісін кеңейту; тапқырлыққа, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдық пен шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Мұны біз де қоштаймыз,

Кешіккенді тоспаймыз.

«Бастауыш - білімнің қайнар көзі» атты

Апталықтың жабылуын бастаймыз деп 29. 11.2024 күні «Білімнің қайнар көзі



- бастауышта» атты онкүндігінің жабылуы кеші болып өтті.



Өткізілген ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, жобалық іс-шаралар әр түрлі оқыту әдістері мен әдістерімен, ұйымдастыру формаларымен ерекшеленді. Мұғалімдер дайындыққа үлкен жауапкершілікпен қарайды, шығармашылықпен жұмыс істеуге тырысты, өйткені заманауи сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар мұғалімнің өз шығармашылығы, оның кәсіби даралығын көрсетуге деген ұмтылысы болып табылады. Сонымен бірге бастауыш сыныптың әрбір оқушысы сынып ұжымындағы барлық іс-шаралардың белсенді қатысушысы болды. Ол өзін әр түрлі рөлдерде сынап көре білді, әр түрлі іс-әрекетте өз күшін сынап көрді, шебер болды, идеялар ұсынды, оларды жүзеге асырды, сурет салды. Мұғалімдердің күш-жігерінің арқасында оқушылар оқу материалын меңгеру сапасының жақсы нәтижелерін көрсетті, әртүрлі деңгейдегі байқауларға қатысты.

Қорытындылай келе, апталық өз дәрежесінде ұйымдастырылды деп бағаланды. Әлі де оқушыларымыздың сабаққа деген белсенділігін арттыру мақсатында тиімді әдістерді қолдану керектігі ұсынылды. Педагог-зерттеуші ұстаздарымыздың сабақтарына ену, озық тәжірибені тарату жөнінде

ұсыныстар берілді. Мектепішілік бақылау жұмыстары, өзара әдіс алмасу жұмыстары да күшейтілуі айтылды.

Ұсыныс: Гүлжахан Абудуллақызы ұстазымыз озат тәжірибелі ұстаздардың сабағын көбірек қатысып, әдіс алмасу; оқу мақсаттарына сай, лексикалық тақырыпты ескере отырып, нақты тапсырмалар беру. Сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау мақсатында негізгі пәндерден бақылау жұмыстарын алу.

Оқушылардың каллиграфиялық сауаттылығын аса назар аударуға кеңес берді .



Маханова Динара 4 «Г» сынып жетекшісі, Дайырова Маржан 3 «Ә» сынып жетекшісі өз оқушыларын Республикалық ғылыми жоба авторы байқауына

апарды. Уалихан Нұрсезім, Жұмаш Досжан, Пернебек Рауан қатысып 1-орынды Астана қаласынан иеленіп қайтты.

I -жарты жылдық соңында жоспарға сай 1-сынып оқушылары әліппе оқулығын аяқтады. Сынып жетекшілер «Қош бол сүйікті Әліппе» атты қортынды сабақтарын өткізді.



Тоқсан қорытындыларын жасау, талдау жүргізілді.

Кабинеттерді ІІ жарты жылдықтың басталу қарсаңына даярланды. ІІ жарты жылдық ішінде алынатын ағымдық бақылау жазба жұмыстарының кестесін жасалды, бекітілді. Мұғалімдер арасында өзара сабақтарға еніп әдіс алмасуларына жағдай жасалды. Әдіс алмасу дәптерлеріне мектептегі басқада бірлестіктердің ашық сабақтарына қатысып, әдіс-тәсілдерін үйреніп, қолдануы ұсынылды.

2-3-4 сыныптар арасында мектепішілік пән олимпиадасын өткізілді. ІІІ тоқсан қорытындысын жасау, пәндер бойынша ТЖБ тапсырмалары алынып тексерілді.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесін өткізілді жоспарға сәйкес.



Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасын іске асыру барысында 1—2-сынып жетекшілерінің сабақ өтуін зерделеу жұмыстары жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша жылдық білім сапасын анықтау жұмыстары жүргізілді.

1-4 сынып оқушылардан шығыс бақылау жұмыстары алынды.

23-мамыр қызығы мен қиыншылығы мол, әр оқу жылы қайталанбас тарихқа толы мектептің мерекесі, оқушылардың сыныптан – сыныпқа көшіп, асыға күткен жазғы демалысқа шығарып салатын соңғы қоңырау салтанаты. Осы орайда мектебімізде аталған күнде «**Білім Отаныма!**» атты сынып сағаты болып өтті. Іс-шара аясында 2024-2025 оқу жылында **балаларға** мақтау қағаздары табыс етілді.



2024-2025 оқу жылында мектептің бастауыш сынып бірлестігінің жұмыс жоспарындағы белгіленген іс-шаралар толығымен атқарылды. Оқушылар мен мұғалімдер аудандық, облыстық, республикалық олимпиада, байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Келесі оқу жылында оқушылардың негізгі пәндер бойынша оқу сапасын арттыру басты назарға алынды.

Бірлестік жетекшісі: Ташматова Нұргүл Қалмырзақызы